

ЭОЖ 070

Ә. Айтқазина

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
E-mail: aika-zaika.08@mail.ru

**Ұлттық коммуникология: тарихы, даму үдерісі және келешегі**

**Аңдатпа.** Мақалада постиндустриялық қоғамның ақпараттық коммуникативтік қоғамға айналуы ғылыми тұрғыдан зерделенеді. Сонымен қатар автор коммуникация құбылысының тіршілік реализімінің барлық саласына дендей енуін, жаңа тұрпаттағы коммуникативті құрылымдар мен үдерістердің дүниеге келуін және ілгерілеуін, сонымен бірге әлеуметтік сұранысқа лайықты коммуникация жаратылысын, әлеуметтік-коммуникативтік саладағы заманауи өзгерістерді, қоғам дамуындағы коммуникацияның орны мен ролін жан-жақты талдауға ұмтылады.

**Түйін сөздер:** ұлттық коммуникология, жаңарту, постиндустрия.

Қарым-қатынас құбылысы – адам тіршілігінің, әлеумет өмірінің ажырамас бөлігі. Қазіргі коммуникация саналы жанның интеллектуалдық дамуы мен психологиясына, дүниепайымының қалыптасуына, тұлғаның өзін-өзі тануына тікелей де жанама ықпал етеді. Сондықтан индивидтер арасындағы коммуникацияны түсіну, оның кемелденуіне не кедергі болатынын, не жәрдемдесетінін ғылыми тұрғыдан ұғынуға талпыну – маңызды әрі орынды мақсат. Өйткені қарым-қатынас – жасампаздық миссияға ұмтылатын адам қарекетінің арқауы, тұғыры әрі өзегі. Мұндай талпыныс қазіргі кезде «шекарасыз ақпарат» арқылы халықтар, тілдер, мәдениеттер бұрын-соңды болмаған ауқымда араласып бастаған заманда аса маңызды. Бейтаныс, таңсық мәдениетке деген төзімділік пен құрметті тәрбиелеу, оған деген қызығушылықты ояту, өзінің бойындағы басқа мәдениетті жақтырмаушылық сезімді жеңу мәселесі қазіргі таңда күн тәртібіне қойылып отыр. Ал төл мәдениетің мен менталитетіңді бар болмыс-бітімімен халықаралық аренаға шығару пробле-

масы одан да өткір. Ұлттық коммуникологияның өзіне тән мәселелерінің қазіргі таңда зәрулене түсуінің себебі де осында.

Басқа мәдениет өкілдерінің қоршаған ортасы, адамдары, өкілдері жайлы әр халықтың, әр ұлттың өзіндік түсінік-пайымы орнығады. Қоғамда өзі туралы, өзінің мәдени-ұлттық кеңістігі ауқымындағы мінез-құлқы мен дәстүрлеріне қатысты, сондай-ақ басқа тілдік және мәдени-ұлттық кеңістік өкілдеріне тиесілі белгілі бір стереотиптер қалыптасады. Ұлттық коммуникация мен мінез-құлықта айқын көрініс табатын бұл стереотиптерді, әдетте ұлттық коммуникология зерттейді. Кең мағынада алғанда, «ұлттық мінез» және «стереотип» ұғымдары ұқсас категориялар екенін атап өткен жөн. Өйткені бұл түсінік белгілі бір ұлттың мәдени және тарихи ортасының ықпалымен қалыптасады. Э.А. Баграмов ұлттық мінез-құлыққа мынадай анықтамасын береді: «Ұлттық мінез дегеніміз бұл – ұлт өкілдерінің психикасында сол ұлттың тіршілік етуінің өзіне тән тарихи шарттарының көрініс табуы, оның өкілдеріне тән дәстүрлі

мінез-құлық, қоршаған ортаны түйсіну формаларынан көрінетін және халықтың рухани келбетінің кейбір ерекшеліктерінің мәдениеттің ұлттық ерекшеліктерінде, қоғамдық өмірдің басқа салаларында сақталған жиынтығы» [1, 18 б.]. Демек, ұлттық мінез – жеке адамды өз ұлтының мәдениетімен байланыстыратын генетикалық дүние.

Адам есейе келе саналы немесе санадан тыс өз ұлты мәдениетінің құндылықтарын, психологиялық және мінез-құлықтық ерекшеліктерін, сол мәдениет айналасына топтасатын адамдарға тән типтік ерекшеліктерді меңгере бастайды. Әр халықтың этникалық санасында белгілі бір ұлттың типтік өкілдері туралы стереотиптік формада түсінік қалыптасады. Мәселен, қазақ – қонақжай, ағылшындар – консервативті, немістер ұқыпты және еңбекқор, испандар намысқой және т.с.с. Кәдімгі сананың да, әлеуметтік ғылымдардың да ой-түйініне астар болатын ұлттық мінез туралы гипотеза, болжам әрдайым көкейде жүреді. Мұны Г.Д. Гачев қанықтыра көрсетіп беруге ұмтылады. Оның пайымдауынша, «халықтың, ой-сана мен әдебиеттің ұлттық мінезі – өте «қиын» және түсініксіз «материя»». Оның бар екенін бүкіл болмысыңмен сезінесің, бірақ оған сөз жүзінде анықтама беруге тырыссаң, сағымдай бұлдырап, өзіңнің қисынсыз, қарабайыр бірденелерді айтып кеткенінді аңғарасың немесе оған ғана емес кез келгенге, барлық халықтарға тән нәрселерді көресің. Бұл қауіпті айналып өтуге болмайды, тек оны үнемі жадыңнан шығармай, онымен күресуге тырысуға ғана болады, бірақ жеңе алмайсың» [2, 56-б.]. Бұдан кеңірек анықтаманы профессор Ю.В. Бромлей береді: «Этнос мүшелерінің мәдени бірлігі олардың бойындағы белгілі бір жалпылама психикалық қасиеттердің болуымен тығыз байланысты. Оларды «этникалық» немесе «ұлттық мінез» деп атайды. Психологияда «мінез» терминіне адамның негізгі, ең тұрақты психикалық қасиеттерінің жиынтығы ретінде сипаттама беріледі. Сондықтан ұлттық мінез – осы этникалық қауымға тән әлеуметтік-психологиялық қасиеттер. Жекелеген тұлғалардың психикасынан тыс мұндай қасиеттер табиғатта болмаса да, ұлттық мінезді бұл тұлғалардың психикалық қасиеттерінің жиынтығына қосу дұрыс емес» [3, 96-б.].

Қазіргі жағдайда ұлттық коммуникологияны ғылым ретінде зерттеудің көптеген теория-

сы мен анықтамасы бар, олар әдетте түрлі тұжырымдамалық тәсілдер мен компоненттерге негізделген. Ұлттық коммуникологияны зерттеуде коммуникация теоретиктерін біріктіретін және «жалпыға ортақ түсіністік» пен өзара толықтыруға [4, 598-б.] қол жеткізетін жағдайды тудыратын жалпытеориялық парадигма жоқ екенін ескерсек, бүгінгі күні «коммуникацияның салалық теориялары» түрлі пәндерде азды-көпті бой көрсетті. Мұның бәрі коммуникацияны жеке білім саласы ретінде, атап айтқанда, коммуникация туралы ғылым – коммуникологияның жаңа парадигмасы мен әдіснамасын іздеу қажеттігін дәлелдейді. Жалпы алғанда, коммуникологияға қоғамдағы коммуникацияның орны мен рөлі туралы, коммуникациялық жүйелер, құрылымдар мен үдерістер, олардың даму және қызмет ету заңдылықтары туралы ғылым ретінде анықтама беруге болады [4, 332-б.].

Қазіргі әлемде коммуникология – тамыры терең, бай, коммуникативті және мультипәндік дәстүрлері бар болса да, өзінің қалыптасу және дамуының бастапқы кезеңінде тұрған, енді қалыптасып келе жатқан ғылым. Коммуникологияның ғылыми әлеуеті мультипәндік коммуникативті теориялар түрінде емес, диалектикалық бірлік, коммуникология мен мультипәндік коммуникативті теориялардың өзара сабақтасуы мен бірін-бірі толықтыруы негізінде тиімдірек жүзеге аса алады. Коммуникология мен «коммуникация теориясы» немесе «метатеория» коммуникация туралы ғылым ретінде бір-бірімен үйлеспейтін категориялар [5, 54-б.]. Кез келген ғылыми теория – сол ғылымның құрамдас бөліктерінің бірі ғана. Теория құбылыстың мәнін ғылыми тұрғыдан түсіндірсе, ал ғылым құбылысты тану, түсіндірумен қатар адам қызметінде білім алуды жүзеге асырудың тетігін ұсынуы тиіс. Ғылым құбылысты сан қырлы тұрғыдан түсіндіріп беретін бірнеше теориядан тұра алады. Коммуникация ғылымы ретінде коммуникологияның негізгі проблемалары мыналар:

1. Әлеуметтік нақтылықтың коммуникативті жаратылысын түсіндіру.

2. Түрлі коммуникативті жүйе, құрылым, үдерістердегі коммуникативті байланыстардың, коммуникативті өзара әрекеттестіктің тетігін анықтау.

3. «Коммуникативті жүйелердің», олардың өзіндік ұйымдастырушылық, реттеу және

эволюциялық тетігі мен заңдылықтарының мәнін анықтау.

4. Қоғамдағы коммуникативті жүйелерді құрылымдау мәселесі.

5. Коммуникацияның қоғамдағы орны мен рөлін анықтау.

6. Коммуникациялардың негізгі даму кезеңдерінің анықтамасы мен сипаттамасы.

7. Коммуникациялардың тұжырымдамалық тәсілдері, негізгі теориялары мен үлгілері.

8. Коммуникациялардың формалары, деңгейлері мен түрлері [7, 129-б.].

«Коммуникология» ғылым ретінде түпкілікті орнығуы үшін қалыптасып келе жатқан осы ғылымның әдісін анықтап алуды талап етеді. Кез келген ғылым сияқты коммуникология да өзінің зерттеулерін тек қисынды әдіспен шектей алмайды. Әлбетте, енді қалыптасып келе жатқан ғылым шынайы құбылыстарға сараптамалық әдісті де қолданады, «оларды құрамдас бөліктерге жіктеу, мейлі заттың өзі болсын, құбылыс болсын немесе олар туралы білім болсын, күрделі тұтас затты егжей-тегжейлі зерттеу, енді қалыптасып келе жатқан ғылымға тән ерекшелік» [2, 4-б.]. Коммуникология ғылымының даму тарихын талдай отырып, мынаны атап көрсеткен жөн – ол коммуникацияны нысан ретінде қарастыратын ғылыми бағыттағы ғылымдар мен коммуникологиямен «қиысатын» ғылымдардың әдісі мен тілін пайдаланады. Коммуникология коммуникацияның түрлері, коммуникативті жүйелер мен үлгілердің функциялары, сан алуан әлеуметтік саладағы (менеджмент, бизнес, білім саласы) мәдениетаралық коммуникацияның үдерісін зерттеу әдістерін зерттейді [6, 265-б.]. Коммуникология коммуниканттар мен олардың жеке тұлғалық сипаттарының этникалық, ұлттық, аумақтық, әлеуметтік тегін; мәдениетаралық коммуникацияның теорияларын құрайтын лингвистикалық, психологиялық, психолингвистикалық, семиотикалық, семиосоциопсихологиялық теорияларды айналып өте алмайды.

Ұлттық коммуникология – этнос пен ұлт ішіндегі байланыстар жүйесі. Ұлттық коммуникология этникалық қауымдастықтың өзіндік ерекшелігі бар ұлттық тілі, мәдениеті, психологиясы мен дәстүрлерінің орнығуы мен дамуына қарай қалыптасты. Ұлттың экономикалық, саяси-әлеуметтік дамуы барысында туындаған байланыс орнату, мәдени жетістіктермен, еңбек

өнімдері және нәтижелерімен бөлісу қажеттілігі ұлттық коммуникологияның объективті негізі болып табылады. Ұлт және топ ішіндегі ықпалдастық өскен сайын экономика мен мәдениеттегі жетістіктер елеулене түседі, әлеуметтік-саяси және топ ішіндегі байланыстар мен адамдар арасындағы коммуникативті байланыстар қарқындырақ дамиды [8, 343-б.]. Ұлттық коммуникологияның маңызды ерекшелігі – ұлттық коммуникологияның лингвистикалық ерекшеліктерін өзара толықтыра түсетін ұлтаралық коммуникация.

Ұлтаралық коммуникация – түрлі ұлттық қауымдастық өкілдерінің арасында бір жақты немесе екі жақты хабар, ақпарат, деректер тарату. Бұл, сондай-ақ тілдесу арқылы, тілдің немесе жазба, дыбыстық, таңбалық және басқа жүйелердің көмегімен ақпарат тарату үдерісі. Ол – түрлі ұлт адамдарының тікелей өзара әрекеттестігі мен қарым-қатынасы барысында туындайтын әлеуметтік-психологиялық құбылыстар және процестердің көрінісі [8, 343-б.]. Әдетте ұлтаралық коммуникацияның үш құрамдас бөлігі ажыратылады. Біріншісі – түрлі этникалық қауымдастық өкілдерінің арасында ақпарат алмасу. Ол қарым-қатынас субъектілерінің белсенділігіне, олардың ұлттық мақсат-мүддесіне, парасаттылық сипатына, халықтардың өмір салтына байланысты өрбиді. Мысалы, арадағы сенім/сенімсіздік деңгейі қарым-қатынастың деңгейін белгілейді. Екіншісі – ұлтаралық коммуникацияның бөлігі түрлі ұлт өкілдерінің бірін-бірі қабылдауы, түсінуі. Ол көп жағдайда түрлі ұлт-этникалық топтарға жататын жеке адамдардың қарым-қатынасының заңдылықтары мен өзара әрекеттестігінің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктеріне, сондай-ақ этникалық стереотиптердің көрініс табу ерекшелігіне тәуелді.

Қарым-қатынастың вербалды емес құралдарының кейбірін пайдалануды белгілі бір халықтың ұлттық, мәдени және діни дәстүрлері қатаң шектейді. Егер адамның эмоциялық көңіл-күйі туралы айқын да нақты хабар беретін ым-ишара қимылы ұлты мен мәдениетіне қарамастан бірдей түсіндірілсе, ал мұндай вербалды емес жүріс-тұрыс, ишара, ара қашықтық немесе жақындасу межелері сияқты белгілер әр халықта әртүрлі. Семантикалық кедергілер сияқты мәдени айырмашылықтар да вербалды емес ақпарат алмасуда түсінісуге айтарлықтай кедергі болуы мүмкін.

«Ұлттық коммуникология» ғылымының терминдік аппаратын құру барысындағы бірыңғай принцип. Коммуникология терминологиясын құрастыру барысында терминологиялық тілді бір жүйеге келтіру қажет. Ешбір ғылым түсінік аппаратынсыз қалыптаса да алмайды, оның болашағы болмайды. «Түсініктер зерттеу пәні болып табылатын дүниенің нақты бөлігіне өте үйлеседі» [6, 155-б.]. Бүгінгі күні коммуникология терминологиясын тіларалық, пәнаралық және пәнішілік коммуникация процестерін (Г.Б. Гутнер) [2, 324-б.], оның қырларын, пайдаланылатын технологияларды, тұжырымдамалар мен үлгілерді, коммуникацияның даму тарихын (В.Б. Кашкин) [2, 245-б.] және оны зерттеуді бекітетін жаңа элементтердің үздіксіз өндірісі ретінде қарастыру қажет. Коммуникологияның теориясы мен тәжірибесі саласында терминдердің үнемі жаңару процесі қарқынды жүріп жатады. Терминдердің синонимия, полисемия және омонимиясы коммуникологияның терминологиялық аппаратын құрастыруға негізі бола алады. Коммуникативті межелер мен ақпарат тарату ережелерін коммуникацияның түрлі арналарының өз өзгешелігі анықтайды. Баспасөзде оларға аса шектеу жоқ. Өйткені визуалды арна уақыт жағынан шектелмейді де, оқырманның қалауына қарай ақпарат бірнеше мәрте қайталанып беріле алады. Баспасөздің функционалдық стилі қалып стандартымен көп шектелмейді және автордың жеке тұлғалық сипаттамасын толық қамтитындықтан, межелеуге баса назар аудармайды. Вербалды коммуникативтік құралдардан бөлек бейнелеу құралдарын (фотосуреттер, карикатуралар, кесте, сызбалар және т.с.с.) пайдалану баспасөздің жеке адам мен бұқараға ықпалын едәуір күшейтеді. Оқырман таңдап-талғап оқитын ақпарат еркіндігінің психологиялық алғы шарты белгілі бір дәрежеде оң әсерін тигізеді. Бірақ бұл коммуникативтік межелерді ретке келтіру проблемасын толық шешпейді.

Қазіргі жағдайда коммуникация атты әлеуметтік феноменге ерекше назар аударылып отыр. Коммуникация түрлі деңгейдегі және социологиялық, кибернетикалық, саясаттану, социобиологиялық, философиялық, психологиялық, лингвистикалық, мәдениеттану және т.с.с. түрлі тұжырымдамадағы зерттеулердің нысанына айналып келеді. Бұл әрі заңды, әрі қисынды. Қазіргі әлемде постиндус-

триялық қоғамның жаһандық сипаттағы ақпараттық-коммуникативтік қоғамға айналуы коммуникацияның қоғамның барлық саласына кірігуімен, мүлде жаңа тұрпаттағы коммуникативті құрылымдар мен процестердің пайда болу және дамуымен ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік нақтылықтың коммуникативтік жаратылысын, әлеуметтік-коммуникативтік саладағы заманауи өзгерістерді, қоғам дамуындағы коммуникацияның орны мен рөлін терең зерделеумен де байланысты. Бүгінгі күні Н. Луманның коммуникацияны қоғамның өзінің болмыстық сипаты ретінде қарастыруы, оның «адами қарым-қатынастар мен қоғамдық өмірдің өзі коммуникациядан тыс болуы мүмкін емес» [4, 321-б.], «тек коммуникация ғана коммуникацияны іске асыра алады» [5, 63-б.] деген тұжырымдамалары жаңа мәнге ие болып, зерттеушілер назарын аударып отыр. Бұл тұрғыдан алғанда, Ю. Хабермастың коммуникативті әрекет теорияларын, Карл-Отто Апельдің коммуникативтік қауымдастығын заманауи тұрғыдан зерделеу де өзекті. Өйткені нақ осы арада коммуникативті қауымның, коммуникативті кеңістіктің, коммуникативті ортаның, коммуникативті әрекеттің, коммуникативті үдерістің мәні ашылып, сөз жоқ, коммуникацияның болмысы мен жаратылысын түсіну үшін ғана емес, сондай-ақ коммуникация туралы ғылымның қалыптасуы мен дамуы үшін де аса маңызды әдіснамалық мәні бар.

Ұлттық коммуникология ғылымы жайында сөз қозғағанда, коммуникациялық процестердің қарқынды дамуы мен жаһандық сипатына, бұл мәселе бойынша жарияланған материалдардың көбеюіне қарамастан, коммуникация ғылымы белгілі бір ғылым саласы ретінде әзірше тиянақталмағанын мойындау қажет. Бұл жайттың салдары аталған феноменнің теориялық тұрғыдан біраз кенжелеп қалуына әкеліп соғады. Дегенмен әлеуметтік нақтылықты зерттеуде коммуникативті бағыттың терең тамыры бар әрі қазіргі кездегі қолданыстағы тұжырымдамалық тәсілдер, зерттеу парадигмалары мен ғылыми қоғамдастықтардың теориялық және практикалық жетістіктері баршылық.

Америка мен Батыс Еуропа университеттерінде 30-жылдардың аяғынан бастап коммуникация бойынша курстар өтеді, «communications», «communications management», «communications studies», «mass communications» сияқты мамандықтар бойын-

ша MA, MS, Ph.D. дәрежелері берілетіні белгілі [5, 234-б.]. Коммуникация тақырыбына арналған «Communication Research», «Journal on Communication Inquiry», «Communication Abstracts», «Management Communication Quarterly», «Written Communication», «Human Communication Research» сияқты жиырмадан астам ғылыми журнал шығады [5, 135-б.]. Қордаланған білім алуан түрлі анықтамалық, сөздік, энциклопедияларда қорытылады. 1200 беттен тұратын «Ұлттық коммуникация бойынша стандартты сөздік» 1999 жылы Нью-Йоркте қайта басылып шықты; бұдан біраз жыл бұрын элеуметтік коммуникацияны ғылыми-зерттеу, практикасы мен оны оқытудың елу жылдық тарихи қорытындысы ретінде ұлттық коммуникация бойынша халықаралық энциклопедия шықты. Халықаралық коммуникативтік ассоциация; АҚШ-тың Ұлттық коммуникативтік ассоциациясы, Еуропаның коммуникативтік конгресі (European Communication Congress) сияқты кәсіби қауымдастықтар құрылды. 2000 жылдың желтоқсанында Ресей коммуникативтік ассоциациясы (РКА) құрылды [5, 214 б.]. Бұл арада Пятигорск мемлекеттік лингвистикалық университетінде РКА мен АҚШ-тың Ұлттық коммуникативті ассоциациясы бірлесіп өткізген «Коммуникация: түрлі элеуметтік контекстегі теория мен практика» деген екі халықаралық конференцияны ерекше атап өткен орынды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылдың 29 қыркүйегіндегі «Қазақстан Республикасында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды дамытудың 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Қаулысы Қазақстандағы коммуникацияның қалыптасу және даму ісінде үлкен рөл атқарады.

Ғылыми зерттеулермен қатар бұл салада тиісті мамандарды дайындау ісі де қарқынды жүріп жатыр. Алайда Ресейдің жоғары білім беру жүйесінде коммуникация мамандығы, сондай-ақ «коммуникативті зерттеулер» деген ғылыми бағыт әзірше кенже қалып келеді. Ал шетелде, әсіресе Еуропа мен АҚШ университеттерінде мұндай мамандарды даярлауда белгілі бір дәстүр қалыптасқан. Тұңғыш коммуникация кафедрасы АҚШ-та осыдан жарты ғасыр бұрын ашылған. Қазіргі уақытта коммуникативтік бағыттағы кафедралар америкалық және еуропалық университеттердің барлығында дерлік ашылған. 1970-шы жылдардың ортасынан бастап 1990

жылдардың орта шеніне дейін АҚШ-та коммуникация мамандығын алып шыққан университет түлектерінің саны үш есе өсіп, 60 мың бакалавр, 6 мың магистрге жетті, жылына 500-ге жуық докторлық диссертация қорғалады. Соңғы жылдары Ресейде қолданбалы коммуникативтік мамандықтар (жұртшылықпен байланыс, жарнама, лингвистика және мәдениетаралық коммуникология), массмедиа саласындағы мамандықтар табысты дамып келеді. Көптеген ресейлік жоғары оқу орындарында коммуникативтік сала бойынша кафедралар ашылған [5, 78-б.].

Әлемдік және отандық тәжірибені ескере отырып, қазіргі уақытта коммуникология ғылымының негізгі континуумы қалыптасқанын айтуға болады. Профессор Д.Р. Гавраның әліптеуінше, ол мына пәндерді қамтиды:

- коммуникацияның жалпы теориясы;
- тұлғааралық және іскерлік коммуникация;
- коммуникацияның жалпы теориясы;
- ұйымдастырушылық коммуникациясының теориясы;
- коммуникация менеджменті;
- коммуникация тарихы;
- зерттеудің коммуникациялық әдістері;
- кросс-мәдени коммуникация теориясы;
- вербалды (ауызша) коммуникация теориясы;
- визуалды (көзбен шолу) коммуникация теориясы;
- саяси экономия мен коммуникация экономиясы;
- коммуникативті зерттеулер;
- халықаралық және жаһандық коммуникациялар;
- виртуалды коммуникациялар теориясы және т.б.

Бұл арада «ерекше ғылым түрінде коммуникациялық үдерістер туралы білімнің интеграциясының болмауы қисынға қайшы. Саланың нысаны, пәні, теориялары бар да, ғылымның өзі жоқ...» [3, 58-б.] екенін атап көрсеткен И.П. Яковлевтің пікірімен таласу қиын. И.П. Яковлевтің пікірі бойынша, коммуникология «коммуникацияның қоғамдағы орны мен рөлі, дамуы, құрылымы, коммуникациялық процестер мен құралдар туралы ғылым болуы тиіс». Жалпы коммуникология, оның ішінде ұлттық коммуникологияны қалыптастыруды коммуникология пәніне түрлі мазмұн бере отырып басқа да отандық және шетелдік

ғалымдар қолдайды. Ал Г.Е. Третьяктің пікірі бойынша, «коммуникацияның құрылымы, функциялары, типологиясы, құралдары және жолдары коммуникация туралы ғылымның зерттеу пәні болып табылады» [7, 83-б.]. Коммуникация туралы ғылымның жақтастары (коммуникологтар, коммуникативистіктер) коммуникацияның америкалық, француздық, канадалық теоретиктерінің арасында да бар. Рас, француз коммуникациялық мектебінің өкілдері «ақпараттық-коммуникативтік ғылым» туралы сөз қозғағанды жөн санайды. Бұл ұстаным – коммуникациялық ғылымдардың профессоры Б. Мьеж, Д. Буньо, Д. Вольтон, П. Бурдьё және басқалар сияқты ғалымдарға тән. Ұлттық коммуникологияның жеке білім саласы ретінде қалыптасуы мен дамуы отандық және шетелдік коммуникативтік зерттеулерде кең қолдау табууда. Алайда бұл қазіргі коммуникацияны зерттеудің тек бір бағыты ғана.

Әлбетте, ұлттық коммуникологияның аталған және басқа проблемаларын ғылыми тұрғыдан талдау зерттеудің әдіснамалық және теориялық арсеналын «жаңартуды» ұсынады. Бұл арада, атап айтқанда, адамдар арасындағы өзара әрекеттестіктің негізгі типтері туралы коммуникациялық жүйелердің тұжырымдамалық қағидаларын қайта қарау маңызды [6, 64-б.].

Біз өмір сүріп жатқан әлем өзара тығыз байланыста, ол шынымен де, global village – көп тілді және көп мәдениетті үлкен ауылды елестетеді. Осы планетарлық ауылда қарым-

қатынас орнату және тілдесу ұлттық түсіністік пен өзара әрекеттестік негізінде ғана мүмкін болмақ. Үшінші мыңжылдықтағы тұрақтылық пен береке-бірлік көп жағдайда жас ұрпақтың өз халқының ұлттық және мәдени құндылықтарын құрметтеу, сақтау қабілетіне байланысты болмақ.

### Әдебиеттер

- 1 Арутюнов, С. А., Багдасаров, А.Р. и др. Язык – культура – этнос. / С. А. Арутюнов, А.Р. Багдасаров. – М., 1994.
- 2 Буркхарт, Ф. Язык, социальное поведение и культура // Образ мира в слове и ритуале / Ф. Буркхарт. – М., 1992.
- 3 Прохоров, Ю. Е. Национальные социокультурные стереотипы речевого общения и их роль при обучении русскому языку иностранцев. / Ю.А. Прохоров. – М., 1996.
- 4 Луман Н. Что такое коммуникация? // Социологический журнал. – 1995. – №5.
- 5 Habermas J. The theory of Communicative Action. – Boston, 1984.
- 6 Землянова Л.М. Зарубежная коммуникативистика в преддверии информационного общества: Толковый словарь терминов и концепций. – М., 1999.
- 4 Соколов А.В. Общая теория социальной коммуникации. – СПб., 2002
- 8 Крысько В.Г. Этнопсихологический словарь. – М., 1999. – С. 343.

А. Айтқазина

### Национальная коммуникология: история, процесс развития и будущее

В статье исследуется превращение постиндустриального общества в информационно-коммуникативное. Также автор стремится к всестороннему анализу вхождения коммуникации во все сферы реальной жизни, появления и продвижения коммуникативных структур и процессов нового типа, а также происхождения коммуникации, пригодной для социального спроса, современные изменения в социально-коммуникативной сфере, место и роль коммуникации в развитии общества.

**Ключевые слова:** национальная коммуникология, обновление, постиндустрия.

A. Aitkazina

### National communicology: history, process of development and future

The article studies from scientific positions transition of a post-industrial society to information and communication one. The author also seeks to thoroughly analyze the dashing entry of phenomenon of communication in all areas of real life, occurrence and promotion of communicative structures and processes of new type as well as occurrence of communication suitable for social demand, contemporary changes in social and communicative field, place and role of communication in development of society.

**Keywords:** national kommunikologiya, updating, post-industry.